

**Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының аумағында 2017 жылғы қаңтар – наурыз аралығында Қазақстан Республикасының ер азаматтарын тіркеуді және медициналық куәландыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев аудандық әкімінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы № 17 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 27 желтоқсанда N 3984 болып тіркелді

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 16-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 859 "Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының әкімі

**ШЕШТІ:**

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев атындағы ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің (келісім бойынша) шақырту учаскесіне 2017 жылғы қаңтар - наурыз аралығында тіркеу жылы он жеті жасқа толатын Қазақстан Республикасының ер азаматтарын тіркеуді, медициналық куәландыруды ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің орынбасары Г.Ш. Рамазановаға жүктелсін.

3. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Бегманов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
қорғаныс министрлігінің  
"Солтүстік Қазақстан облысы  
Мағжан Жұмабаев атындағы  
ауданының қорғаныс істері  
жөніндегі бөлімі"  
республикалық мемлекеттік  
мекемесінің бастығы  
2016 жылғы 02 желтоқсан

С.Н. Кишман